

"Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 16 қазандағы № 09-1732 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 367-727 қаулысы. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 6 наурыздағы № 06-433 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 06.03.2018 № 06-433 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 16 қазандағы № 09-1732 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 848 болып тіркелген, 2014 жылғы 6 қарашадағы № 126 (3181) "Астана ақшамы", 2014 жылғы 6 қарашадағы № 125 (321) "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. "Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулының көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жазба және электрондық түрде жолдау және Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыру жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Қ.Қ. Айтмұхаметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Астана қаласының әкімі

Ә. Исекешев

Астана қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 28 сәуірдегі

"Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі

туралы ережеге енгізілетін өзгерістер

"Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

барлық мәтін бойынша "сыртқы жарықтандыру," , "сыртқы жарықтандыруды" деген сөздер алып тасталсын;

16-тармақтың б) тармақшасын келесі редакцияда мазмұндау:

б) "салынған, қайта жаңартылған сумен жабдықтау және су бұру инженерлік коммуникациялық желілерді, газ шаруашылығы объектілерін пайдалануға қабылдау бойынша тапсырыс берушінің жұмысын ұйымдастыру";

16-тармақтың 1б) тармақшасында "электр беру желілерін," деген сөздер алып тасталсын;

"Басқармаға қарасты ұйымдар тізімі" деген бөлімнің 1), 4) тармақшалары алып тасталсын.